

Жалған
статистика
жарға жыяды




3-бет

Тарихи
жеңіс!



13-бет

Айналайын, Бидайық,
жол шалғай,
жетер күн қайда?



14-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

6 АҚПАН 2024 ЖЫЛ, СЕЙСЕНБІ №25 (30754)

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Уран үлесі артқан



Суретті іріктеуші – А. ДИЖЕНБЕР, Е. ЖЫҒА

Президент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсуповты қабылдады.

Басқарма басшысы Мемлекет басшысына «Қазатомөнеркәсіптің» былтырғы атқарған жұмыстарының нәтижесі туралы есеп беріп, компанияның қысқарған мерзімді және ортамерзімді перспективаға арналған мақсат, жоспарларын таныстырды.

Президентке өткен жылдың қорытындысында уран өнімдерін өндіру көлемі 21 мың тоннадан, ал сату көрсеткіші 18 мың тоннадан асқаны жөнінде баяндалды. Мейіржан Юсуповтың айтуынша, 2023 жылы Транскаспий халықаралық көлік бағдары арқылы тасымалданған уран өнімдерінің үлесі айтарлықтай артқан. Қазақстаннан батыс елдеріне жөнелтілген

уранның 64 пайызы осы транзит дәлізі арқылы тасымалданған.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына «Қазатомөнеркәсіп» компаниялар тобы іске асырып жатқан инвестициялық жобалар, сондай-ақ өндіріс орындары орналасқан өңірлерді дамытуға және қолдауға бағытталған әлеуметтік маңызы бар жобалар туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар Президентке минералдық-шикізаттық базаны кеңейту және толықтыру жұмыстары жайында айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазатомөнеркәсіп» жұмысының тиімділігін арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы

- Қазақстан Республикасы Конституциясының 70-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің орныннан түсуі қабылданын.
 - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі міндеттерін уақытша атқару Роман Васильевич Склярға жүктелсін.
 - Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері Үкіметтің жаңа құрамы бекітілгенге дейін өз міндеттерін атқаруды жалғастыра берсін.
 - Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2024 жылғы 5 ақпан
№ 446

Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді

7 ақпан күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтеді.

Жиында еліміздің 2023 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуы қорытындыланып, алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер айқындалады.

ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Бауыржан Шұбайұлы Артықов «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы лауазымына тағайындалды.

ХРОНИКА

Мемлекет басшысының өкімімен Дәулет Рысқұлбекұлы Оспанов «Батыс» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы лауазымынан босатылды.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

Әлемдік нарықтағы Қазақстан күріші

Қай мемлекеттің болсын экономикасындағы маңызды саланың бірі – ауыл шаруашылығы. Қазақстанда бидай мен күріш, сондай-ақ өзге дәнді дақылдарды өсіруде шаруалардың еңбегі орасан.

Ержан ҚОЖАС,
«Egemen Qazaqstan»

Ауыл шаруашылығы министрлігі берген мәліметке сүйенсек, республика бойынша былтыр қантар мен қараша айы аралығында агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің экспорты 5 пайызға ұлғайып, 4,9 млрд долларды құрапты. Негізгі өнімдерден балық, бақша дақылдары, қамыс, көкөністен бөлек, 6,7 млн тонна бидай, 21,9 мың тонна сиыр мен қой еті экспортталған. Ал сырт мемлекеттерге жөнелтілген дақылдар ішінде күріштің үлесі 110 мың тоннаны құрап отыр.



Әлемде күріш егуден алдыңғы орында Қытай мемлекетінің тұрғаны айтылады. Одан кейінгі Үндістан да бұл дақылды көптеп егеді. Ал жапондардың күрішке деген құрметі ерекше. Дақылға мемлекеттік рәміз

деп қарап, тіл мен ұлт намысы ретінде ерекше құрметтейді. Тіпті жапон тілінің көп сөзі күріш кәсібінің айналасында деген дерек те бар.

(Соңы 4-бетте)

ЕЛДІК МІНБЕРІ

Елдік құндылықтар: дін, діл, дәстүр

Мемлекет басшысы 3 қаңтарда газетімізге берген сұхбатында: «Біз озық ойлы ұлт ретінде халқымызды ыдырататын емес, біріктіретін жолды тандап, тек қана алға қаруымыз керек. Жалпыұлттық құндылықтар бәрінен жоғары тұруға тиіс», деді. Халықты біріктіретін, ынтымаққа ұйытатын елдік құндылықтардың бірі – сенім, яғни дін десек, қателеспейміз. Өкінішке қарай, кейінгі кезеңде түрлі күштер дінді қоғамды біріктіру жолына емес, жік салу мақсатына пайдаланды. Оның салдарын біз әлі күнге көріп те келеміз. Осы орайда елдің жанын ауыртқан, зиялыларға қам жегізген діни ала-құлалықтан қалай арыламыз? Елдік құндылықтар – дін мен діл, дәстүр мен білік үйлесімін лайықты кәдеге жаратып, халықтың ынтымағын арттыру үшін не

істеу керек? Газет редакциясы ұйымдастырған кезекті дөңгелек үстел осы тақырыпқа арналды.

Жиынға «Отандастар» қорының президенті, Төтенше және өкілетті елші Абзал Сапарбекұлы, абайтанушы, IT саласы маманы Сұлтан Ыбыраев, ҚМДБ Діни уағыз-насихат бөлімінің меңгерушісі, PhD, күрделі уақытта Атырауда өкіл имам болған Батыржан Мансұров, дінтанушы, философия ғылымдарының кандидаты Кеңшілік Тынышхан, дін саласындағы мемлекеттік саясат сарапшысы Ержан Байбол қатысты. Шараны «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы жүргізді.

(Соңы 6-7-беттерде)



Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен

ӨЗЕКТІ

Латифундистің аты неге құпия?

Еліміз тәуелсіздік алып, нарықтық қатынастарға көшкеннен кейін жер реформасы жүргізіліп, жекешелендірілген кеңшарлардың иелігіндегі егіс алқаптарынан ауыл тұрғындарының әрқайсысына бірнеше гектардан шартты жер үлесі бөлініп берілді.

Кәрібай МУСЫРМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Ал қолында билігі бар әкім қаралар мен олардың жақын-жұрағаттары және жемсауы бүлкілдеген шенеуніктермен жең ұшынан жалғаса білген пысықайлар мемлекеттен ондаған мың гектар құнарлы жерді жалға алу

құқығына ие болып, ірі жер пайдаланушылар хәм латифундистер болып шыға келді. Мұның өзі кейін жер ресурстарының тиімсіз пайдаланылуына әкеліп соқты.

Бұл мәселеге Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ел басшылығына келген 2019 жылы жариялаған «Сындарлы қоғамдық диалог

– Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауында ерекше көңіл бөліп: «Мемлекеттен жерді тегін жалға алу құқығына ие болғандардың көпшілігі жерді игермей, босқа ұстап отыр. Елімізде «шөп қорыған иттің» кебінен киген «латифундистер» көбейіп кетті. Пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін қайтарып алатын кез келді. Жер – біздің ортақ байлығымыз және оны кім игерсе, соған тиесілі болуға тиіс», деді.

(Соңы 3-бетте)

РЕЙТИНГ

Кадр кәсібилігіне көзқарас

Әлемдік тәжірибеде жоғары оқу орындарының халықаралық рейтингі тұрақты жарияланып тұрады. Бұл не үшін және кімге керек? Рейтинг, ең алдымен, талапкерлерге қажет. Сол рейтингтер негізінде сапалы білім алғысы келетін талапкер университет таңдайды.

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Екінші жағынан жоғары оқу орындары арасындағы бәсекені қалыптастыру арқылы әлсіз, әлі де дамытуды қажет ететін тустарды анықтауға, соның нәтижесінде сапаны арттыруға септеседі. Бізде осындай рейтинг бар ма? Университеттердегі білім сапасы қаншалықты әділ бағаланады? Онда мамандықты, оқу орнын таңдауға көмектесетін ақпарат бар ма? Мамандар мен нәтижелер «өңірісіні».

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер

палатасы отандық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім бағдарламаларына бағалау жүргізіп келеді. Ұлттық палата «тәуелсіз» деп айдар таққан бағалауды Ғылым және жоғары білім министрлігінің тапсырысымен, тіпті сол ведомствомен бірлесіп жүргізеді. Бағалауға кәсіпкерлердің қатысатыны, университеттер даярлаған кадрлардың кәсібилігіне жұмыс берушілердің баға беретіні тәуелсіз деуге себеп болса керек.

(Соңы 10-бетте)

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

EUR/KZT 487.24

USD/KZT 453.16

RUB/KZT 4.97

CNY/KZT 62.95